Сайлау

Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауда дауыс беру тәртібі

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беруге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

Қазақстан Республикасының
Орталық сайлау комиссиясы

Абай ауданының аумақтық сайлау комиссиясы 12 тамыз 2026 жылы оқу дәрісін өткізді. Қатысқандар учаскелік сайлау комиссияларының үштігі (төраға, төраға орынбасары, хатшы. Оқу викториналық ойындар, ситуациялық кейстерді шешу түрінде өтті. Оқыту барысында қатысушылар «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен таныстырылды. Құрылтай депутаттарын сайлауды ұйымдастыру және өткізу мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Семинар барысында сайлау процесін ұйымдастыру және өткізу мәселелері қаралып, қолданыстағы заңнаманың талаптары, сондай-ақ учаскелік сайлау комиссияларының жұмыс тәртібі түсіндірілді. Қатысушыларға қажетті әдістемелік ұсынымдар мен қойылған сұрақтарға жауаптар берілді.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗІ

Абай ауданының сайлау учаскелерінің қолжетімділігіне мониторинг жүргізілді.

2026 жылғы 23 тамызға тағайындалған Құрылтай депутаттарын сайлауды әзірлеу және өткізу шеңберінде Абай ауданындағы сайлау учаскелерінің материалдық-техникалық дайындығын қамтамасыз ету, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдар үшін қолжетімді орта қалыптастыру үшін 2026 жылғы 11-12 тамыз күндері Абай ауданы бойынша мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқығын қамтамасыз ету жөніндегі аудандық жұмыс тобы сайлау учаскелеріне мониторинг жүргізді. Іс-шараға аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің, аумақтық сайлау комиссияының, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты.

Мониторинг барысында Абай ауданындағы 13 сайлау учаскесі қамтылды.

Тексеру барысында:

* сайлау учаскелеріне кедергісіз кіру мүмкіндігі;
* пандустардың, тұтқалардың және кіреберіс жолдарының талаптарға сәйкестігі;
* арнайы автотұрақ орындарының болуы;
* тактильді жолақтар мен бағыттауыштардың орналастырылуы;
* көру және есту қабілеті бұзылған адамдарға арналған ақпараттық құралдардың болуы;
* мүгедектігі бар адамдарға арналған дауыс беру кабиналарының жабдықталуы;
* ақпараттық стендтердің қолжетімділігі;
* сайлау комиссиялары мүшелерінің мүгедектігі бар азаматтарға қызмет көрсетуге дайындығы бағаланды.

Мониторинг нәтижесінде 1 сайлау учаскесінде қолжетімділікке қатысты жекелеген кемшіліктер анықталды:

1. уақытша пандус орнату
2. арнайы автотұрақ орындарын белгілеу
3. тактильді көрсеткіштертерді жаңарту

Сонымен қатар, 12 сайлау учаскесінде мүгедектігі бар азаматтардың сайлау құқықтарын толық жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлардың жасалғаны анықталды. Барлық учаскелерде ғимараттар бірінші қабатта орналасқан, пандустармен жабдықталған, арнайы дауыс беру кабиналары орнатылған, ақпараттық стендтер мен навигациялық көрсеткіштер орналастырылған.

Мониторинг қорытындысы бойынша анықталған барлық ескертулер учаскелік сайлау комиссиялары мен жауапты мемлекеттік органдарға жолданып, сайлау күніне дейін оларды жою бойынша нақты іс-шаралар жоспары белгіленді.

Абай бойынша мүгедектігі бар адамдардың сайлау құқығын қамтамасыз ету жөніндегі аудандық жұмыс тобы барлық азаматтардың сайлауға тең дәрежеде қатысуын қамтамасыз ету мақсатында сайлау учаскелерінің қолжетімділігіне тұрақты бақылау жүргізуді жалғастырады.

Ақпарат

Сыбайлас жемқорлық – ғасыр дерті

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық әлемнің көптеген елдерінде кездесетін күрделі әлеуметтік мәселе болып табылады. Ол қоғамның дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, мемлекеттің беделіне, экономикасына және азаматтардың әл-ауқатына теріс әсер етеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу – кез келген елдің басты міндеттерінің бірі. Қазақстанда да бұл мәселеге ерекше көңіл бөлініп, жемқорлықтың алдын алу және оны жою бағытында түрлі шаралар жүзеге асырылуда.

Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – лауазымды тұлғаның өз қызметтік өкілеттігін жеке басының пайдасы үшін заңсыз пайдалануы. Оның негізгі көріністеріне пара алу, пара беру, қызмет бабын асыра пайдалану, таныстық пен тамыр-таныстық арқылы заңсыз артықшылықтарға қол жеткізу жатады. Мұндай әрекеттер қоғамдағы әділдік пен теңдік қағидаттарын бұзып, азаматтардың мемлекетке деген сенімін төмендетеді.

Жемқорлықтың қоғамға тигізетін зияны өте зор. Ең алдымен, ол ел экономикасының дамуын тежейді. Мемлекеттік қаржы мақсатсыз жұмсалып, халықтың игілігі үшін бөлінген қаражат өз мақсатына жетпей қалады. Соның салдарынан білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және инфрақұрылым салаларының дамуы баяулайды. Сонымен қатар, жемқорлық шетелдік инвесторлардың сеніміне кері әсер етіп, елге инвестиция тарту мүмкіндігін азайтады.

Сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік салдары да ауыр. Ол қоғамда әділетсіздік сезімін қалыптастырады. Егер қандай да бір мәселені заңды жолмен емес, пара беру арқылы шешуге болады деген түсінік орнықса, адамдардың заңға деген құрметі төмендейді. Бұл өз кезегінде құқықтық мәдениеттің әлсіреуіне алып келеді. Әсіресе жастар арасында «барлығын ақша арқылы шешуге болады» деген қате көзқарас қалыптасуы мүмкін. Сондықтан жас ұрпаққа адалдық, әділдік және жауапкершілік сияқты құндылықтарды дәріптеу өте маңызды.

Жемқорлықпен күрес тек құқық қорғау органдарының жұмысы арқылы ғана жүзеге аспайды. Бұл іске бүкіл қоғам атсалысуы қажет. Әр азамат заң талаптарын сақтап, заңсыз әрекеттерге қарсы тұруы керек. Сонымен бірге мемлекеттік қызметкерлердің ашықтығы мен жауапкершілігін арттыру, мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін цифрландыру, қоғамдық бақылауды күшейту де жемқорлықтың алдын алудың тиімді жолдары болып табылады.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып саналады. Елде арнайы заңдар қабылданып, жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі жұмыс істейді. Мемлекеттік қызмет көрсету саласында электронды жүйелерді енгізу арқылы адам факторын азайтуға және ашықтықты қамтамасыз етуге күш салынуда. Бұл шаралар жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық – қоғамның өркендеуіне үлкен қауіп төндіретін ғасыр дерті. Ол мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп, халықтың әл-ауқатына теріс әсер етеді. Сондықтан жемқорлыққа қарсы күрес әрбір азаматтың азаматтық борышы болуы тиіс. Адалдық пен әділдікті басты құндылық ретінде ұстанған қоғам ғана жарқын болашаққа қол жеткізе алады.

Қарауыл ауылдық округінің әкімі
Мәнзал Біржан Қайыржанұлы